

**«Шопинг жасағаныңыз үшін iPhone-ды сыйлаймыз»
акциясын өткізу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

«Шопинг жасағаныңыз үшін iPhone-ды сыйлаймыз» акциясын өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ, БСН 160840000397 (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) ресми ұсынысы (жария оферта) болып табылады және «Шопинг жасағаныңыз үшін iPhone-ды сыйлаймыз» Акциясын ұйымдастыру мен өткізудің барлық маңызды шарттарын, тәртібін қамтиды.

Төменде баяндалған шарттарды қабылдаған және Акция шарттарын орындалған жағдайда тұлға Қатысушы болады және Ұйымдастырушы мен қатысушының (қатысушылардың) қарым-қатынасына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-399-баптарының нормалары қолданылады.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты Қағидалардың мәтінімен мұқият танысыңыз, егер Сіз оның қандай да бір тармағымен келіспесеңіз, Ұйымдастырушы Сізге Акцияға қатысудан бас тартуды ұсынады.

2. Негізгі ақпарат

2.1. Акцияны өткізу кезеңі - 2023 жылғы 15 шілдеден 2023 жылғы 31 тамызға дейін.

2.2. Ұтыс ойынын өткізу күні:

Кезең №	Ұтыс ойынына қатысушыларды тіркеудің басталу күні	Ұтыс ойынына қатысушыларды тіркеудің аяқталу күні	Ұтыс ойынын өткізу және жеңімпаздарды жариялау күні	Жалпы жүлде қоры
1.	15.07.2024ж.	31.07.2024ж.	05.08.2024ж.	Apple Iphone 15 Pro Max (256 gb) смартфон - 3 дана
2.	01.08.2024ж.	31.08.2024ж.	02.09.2024ж.	Apple Iphone 15 Pro Max (256 gb) смартфон - 3 дана

2.3. Жүлде - Акцияның әрекет ету кезеңінде - 6 (алты) Apple Iphone 15 Pro Max (256 gb) смартфон.

2.4. Акция аясында Жүлделер ұтысы бойынша 6 (алты) жеңімпаз анықталады.

2.5. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар:

Акция – клиенттік базаны ұлғайтуға, микрокредиттерді ашуға бағытталған науқан;

Микрокредит - микрокредит беру туралы шарт негізінде Ұйымдастырушы клиентке ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында ұлттық валютада беретін ақша;

Жеңімпаз - Акция шарттарына сәйкес келетін, осы Қағидаларға сәйкес жеңімпаз деп танылған Акцияға Қатысушы;

Сайт - Ұйымдастырушының www.solva.kz ресми интернет-ресурсы және/немесе «Solva.kz» мобильді қосымшасы және/немесе Ұйымдастырушының әлеуметтік желідегі [Instagram@solva_app](https://www.instagram.com/solva_app) ресми аккаунты;

Клиент - Лайт картасының иесі болып табылатын жеке тұлға;

Лайт Картасы - «Bank RBK» АҚ шығарылған Visa Virtuon S Light төлем картасы (S lite картасы);

Участник Акции – Клиент, 18 жасқа толған ҚР резиденті және Акция шарттарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жеке тұлға;

Сатып алу – Қағидалардың №1 қосымшасында айқындалған сатып алуларды қоспағанда, тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу бойынша Лайт картасын пайдалана отырып, клиент бастамашылық ететін қолма-қол ақшасыз операция.

2.6. Акцияның шарттары

- Акцияға қатысу үшін Клиент акцияны өткізу кезеңінде байланыссыз төлемді қоса алғанда, POS-терминалдар арқылы немесе Интернет желісінде (электрондық дүкендер) Лайт картасын пайдалана отырып, 50 000 (елу мың) теңгеден басталатын сомаға сатып алулар жасауы қажет;
- Акцияға қатысу үшін Қағидалардың №1 қосымшасында айқындалған сатып алулар есепке алынбайды;
- Лайт Картасын пайдалана отырып, соның ішінде ұтыс ойынын өткізу күніне ағымдағы шоттары жабылған клиенттер қатысушы бола алмайды;
- - Микрокредит бойынша мерзімі өткен берешегі бар клиенттер Қатысушы бола алмайды;
- Ұйымдастырушының қызметкерлері, олармен үлестес тұлғалар, олардың отбасы мүшелері Қатысушы бола алмайды;
- Әрбір қатысушы тек бір рет жеңімпаз бола алады және бір Жүлдеден артық ала алмайды.

3. Акцияның мәні

3.1. Акцияда Жүлделер ойнатылады. Жеңімпаздарды таңдау қатысушылардың реттік нөмірлері бойынша кездейсоқ сандар генераторы - Random.org сервисінің көмегімен жүргізіледі. Ұтыс ойыны өткізілетін күні Қатысушыға Ұйымдастырушыдан реттік нөмір берілгені туралы хабарлама келіп түседі. Жеңімпаздарды таңдау осы Қағидалардың 2.2-тармағында белгіленген мерзімде жүзеге асырылады. Жеңімпаздар Ұйымдастырушының Instagram @solva_app ресми аккаунтында жарияланады.

3.2. Жеңімпаз ұтыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушыға Жүлдені алуға және оны алып кетуге байланысты барлық шығыстарды өзіне алуға ниетті екендігі туралы хабарлауға, сондай-ақ Жүлдені табыстау үшін Ұйымдастырушыға сұратылған құжаттарды ұсынуға міндетті.

3.3. Акцияның өткізілуіне байланысты барлық қажетті салықтарды төлеуді Ұйымдастырушы қамтамасыз етеді.

3.4. Егер Акцияға Қатысушы, ҚР бейрезиденті болса, 18 жасқа толмаған болса, Қазақстан Республикасының аумағында тұрмаса, Ұйымдастырушының жеңімпазды қайта таңдауға құқылы.

3.5. Осы Қағидалардың 3.2-тармағында көрсетілген мерзімдерде Жеңімпаздан Жүлдені қабылдау ниетін білдіру туралы немесе оны қабылдаудан бас тарту туралы растауды алмаған жағдайда, сондай-ақ Жеңімпаз Акция шарттарына сәйкес келмеген жағдайда Ұйымдастырушы ұтыс ойынын өткізудің жаңа Күнін белгілейді және Қағидалардың 3.1-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес жаңа жеңімпазды айқындау үшін кездейсоқ сандар генераторын қайта іске қосады.

3.6. Жүлде атаулы болып табылады және үшінші тұлғаларға табысталмайды.

3.7. Жүлде Қағидалардың 2.6-тармағында көзделген шарттарды Жеңімпаз орындаған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Жеңімпазға ғана беріледі.

3.8. Жүлдені алу фактісімен Жеңімпаз Ұйымдастырушының Жеңімпаздың атын жарнамалық мақсаттарда пайдалану құқығымен, сондай-ақ Ұйымдастырушының жарнамалық роликтерге қатысу үшін Жеңімпазды тарту, өзінің жарнамалық мақсаттарында фото және бейне материалдарды пайдалану құқығымен келіседі.

3.9. Ұйымдастырушы Акцияны өткізу мерзімін ұзартуға, Жүлдені беру рәсімін өзгертуге және Сайтта Акция және оны өткізу тәртібі туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы.

3.10. Ұйымдастырушы Сайтта тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Ұтыс ойынын өткізуден бас тартқан жағдайда, Ұтыс ойыны өткізілмеген деп танылады. Бұл ретте Ұтыс ойыны өткізілмеген жағдайда Ұйымдастырушыға қатысты қандай да бір жауапкершілік шаралары қолданылмайды.

3.11. Акцияның барлық Қатысушылары оған қатыса отырып, осы Қағидаларда көзделген талаптармен келіседі, оларды ұстануға және орындауға міндеттенеді. Егер Ұйымдастырушы Акция шарттарын бұзған немесе Жүлдені алу үшін алаяқтық және/немесе алдау актілерін жасаған Қатысушыларды анықтаса (айыбын ашса), Жеңімпаз Жүлдені алу құқығынан айырылады. Ұйымдастырушы Жүлдені алудан бас тарту туралы қабылдаған шешім түпкілікті болып табылады.

3.12. Ұйымдастырушы келесілер үшін жауапты болып табылмайды:

1) Қатысушылардың осы Қағидаларда көзделген міндеттерді орындамау (уақтылы орындамау);

2) Қатысушының осы Қағидаларды білмеуінен туындаған жағдайлар;

3) Интернет желісіндегі техникалық проблемалар және (немесе) алаяқтық және (немесе) Акция жүргізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналары нәтижесінде Қатысушылардан хаттар, қоңыраулар, факсимильді және (немесе) электрондық хабарламалар, соның ішінде почта немесе курьерлік қызметтің, байланыс ұйымдарының кінәсінен сәлемдемелер алмау;

4) Қатысушылардан Акцияны өткізу және Жүлдені беру мақсатында қажетті толық емес және (немесе) дұрыс емес байланыс және (немесе) өзге де мәліметтерді алу.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптар осы Қағидалардың шарттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен жауаптылықта болады немесе олардан босатылады.

4.2. Қалған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жалпы негіздер бойынша жауапты болады.

5. Дербес деректер мен ақпарат, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер

5.1. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қатысушы осы Қағидалардың шарттарымен келісе отырып, Қатысушы Ұйымдастырушының тек қана осы Қағидалардың мақсаттары үшін, сондай-ақ осы Қағидалардың заңмен тыйым салынбаған көрсетілген кез келген тәсілмен оның ЖСН және телефон нөмірі туралы дербес деректерді жинауды, өңдеуді, қол жеткізуді, сақтауды, алуды және таратуды, трансшекаралық беруді жүзеге асыруымен келіседі.

5.2. Қағидалардың шарттарымен келісе отырып, Қатысушы, соның ішінде осы Қағидалардың шарттарын орындау нәтижесінде Ұйымдастырушыға белгілі болған қатысушы туралы, микрокредит туралы заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты Ұйымдастырушы тек осы Қағидаларды орындау мақсаттары үшін немесе осы Қағидаларда көзделген немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген жағдайларда, мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға беру Ұйымдастырушы үшін міндетті болған кезде ғана бере алатындығына келіседі.

6. Өзге шарттар

6.1. Ұйымдастырушының осы Қағидалардың шарттарын бұзғаны үшін, егер мұндай бұзушылық еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының, соның ішінде: мемлекеттік билік органдарының іс-әрекеттері (соның ішінде құқықтық актілерді қабылдау), өрт, тасқын су басу, жер сілкінісі, басқа да табиғи апаттар, электр энергиясының болмауы және/немесе компьютерлік желі жұмысының бұзылуы, ереуілдер, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер, жоғарыда аталғандармен шектелмей Ұйымдастырушының осы Қағидалардың шарттарын орындауына әсер етуі мүмкін кез келген өзге мән-жайлар әсерінен туындаса жауапкершіліктен босатылады.

6.2. Ұйымдастырушы Қағидалардың шарттарына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады, осыған байланысты Қатысушы Сайтта жарияланған осындай өзгерістерді үнемі

қадағалап отыруға міндеттенеді.

6.3. Ұйымдастырушы желінің, компьютерлік техниканың, аппараттық және/немесе бағдарламалық жасақтама жұмысының салдарынан орын алған, жіберуді немесе Акцияға қатысу үшін деректерді алуды шектейтін немесе кешіктіретін кез келген қателіктер үшін жауапты болмайды. Ұйымдастырушы барлық деректердің тиісті түрде берілетініне кепілдік бермейді және мұндай деректерді ұсынбау салдарынан Акцияға қатысудың жіберіп алған мүмкіндігі үшін жауап бермейді. Ұйымдастырушының жиынтық жауапкершілігі ешбір жағдайда Жүлде сомасынан аспауы тиіс.

6.4. Осы Қағидалар қазақ және орыс тілдерінде жасалды, мәтіндерде сәйкессіздіктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басымдылыққа ие болады.

7. Ұйымдастырушының деректемелері

«ОнлайнКазФинанс» МҚҰ»

АҚ

БСН 160840000397

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 502 үй, 9-шы қабат, пошта индексі 050012

№	Бонустар есептелмейтін MCC кодтарының (Merchant Category Code) тізімі:	Перечень MCC кодов (Merchant Category Code), которые не относятся к категории Покупок для участия в Акции:
2310	Категориясы анықталмаған	Категория не определена
3429	Жалға алынған автомобильдерді сақтандыру	Страхование автомобилей, взятых в аренду
4722	Туристік агенттіктер және экскурсияларды ұйымдастырушылар	Туристические агентства и организаторы экскурсий
4812	Телефондар сатуды қоса алғандағы телекоммуникациялық жабдық	Телекоммуникационное оборудование, включая продажу телефонов
4813	Операторды қоспай–ақ қолжетім орталық нөмірін әрі қолжетім кодын қолдана отырып, жергілікті және қашықтықтағы бірлік телефон қоңырауларын ұсынатын, пернелік енгізу телекомдарының сауда нүктелері	Торговые точки телеком клавишного ввода, предлагающие единичные локальные и дальние телефонные звонки, используя центральный номер доступа без разговора с оператором и используя код доступа
4814	Телекоммуникациялық қызметтер	Телекоммуникационные услуги
4816	Компьютерлік желілер, ақпараттық қызметтер	Компьютерные сети, информационные услуги
4829	Қаржы ұйымдарында ашылған шоттарға қаражат аудару	Перечисление средств на счета, открытые в финансовых организациях
4900	Коммуналдық қызметтер – электр қуаты, газ, санитария, су	Коммунальные услуги– электричество, газ, санитария, вода
5933	Ломбардтар	Ломбарды
5960	Сақтандыру қызметтері – тікелей маркетинг	Страховые услуги– прямой маркетинг
6010	Қаржы мекемелері – қолма–қол ақшаны қолмен алу	Финансовые учреждения– снятие наличности вручную
6011	Қаржы мекемелері – қолма–қол ақшаны автоматты түрде алу	Финансовые учреждения– снятие наличности автоматически
6012	Қаржы ұйымдарының қызметтері, төлемдер олардың пайдасына жаратылады	Услуги финансовых организаций, платежи в их пользу
6050	Қаржы мекемелері – квази–кэш (электрондық ақша)	Финансовые учреждения– квази–кэш (электронные деньги)
6051	Қаржылық емес мекемелер – квази–кэш	Нефинансовые учреждения– квази–кэш
6211	Бағалы қағаздар – брокерлер/дилерлер	Ценные бумаги– брокеры/дилеры
6300	Сақтандыру қызметтерін сату	Продажа услуг страхования
6310	Категориясы анықталмаған	Категория не определена
6399	Сақтандыру қызметтері	Страховые услуги
6529	Қаржы ұйымдары – құнды заттарды сақтау қызметтері	Финансовые организации– услуги хранения ценностей
6530	Қаржылық емес ұйымдар – құнды заттарды сақтауға жауаптының қызметтері	Нефинансовые организации– услуги ответственного хранения ценностей
6531	Төлем жүйелері – сауда есебіне жасалған аударымдар	Платежные системы– переводы в счет покупок
6532	Төлем жүйелері – қаржы ұйымдары – аударымдар	Платежные системы– финансовые организации– переводы
6533	Төлем жүйелері – қаржылық емес ұйымдар – аударымдар	Платежные системы– нефинансовые организации– переводы
6534	Ақша аударымдары – қаржы ұйымдары	Денежные переводы– финансовые организации

